




Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ тіл білімі кафедрасы
Мамаева Гүлнар Бейсенқызы
Филология ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Пән атауы: Емле және сөз сазы




Астана, 2022





1-дәріс тақырыбы: Жазу және оның даму кезеңдері

Қарастырылатын мәселелер:


- Жазудың түрлері;
 - Ұлттық жазуға дейінгі жазулар.
- 




Тіл өзінің қатынас құралы болу қызметін ауызша түрде де, жазбаша түрде де атқара алады. Дыбыстық тіл жазу арқылы таңбаланады. Соның нәтижесінде оның қатынас құралы ретінде қолдану шеңбері кеңейеді.



Жазу – адамдардың кеңістік пен уақытқа тәуелді болмай, өмірдің барлық салаларында кең түрде қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін құрал.



Жазу жүйесіндегі таңбалардың не бүтіндей хабарды, не жеке сөзді, не буынды, не дыбысты белгілеуіне қарай, жазу мынадай түрлерге бөлініп қарастырылады:



Пиктографиялық жазу 


Идеографиялық жазу 

Буын жазуы 

Әріптік немесе дыбыстық жазу 



Идеографиялық жазу



Идеографиялық жазудың таңбалары идеограммалар деп аталады.

Идеографияның пиктографядан ең басты айырмашылығы таңбалардың формасында емес, олардың мағынасында.

Идеографиялық таңба (идеограмма) не жеке сөзді немесе оның атауыш бөлшегін белгілейді.

Идеографиялық жазудың үлгілерін өте ертедегі қытай жазуы мен шумер жазуынан көруге болады.



Жазудың буын жүйесі шығу тегі жағынан үш топқа бөлінеді:

Эфиопия, индия (брахма, кхарошти және осылардан жасалған жазулар) буын жазулары.

Логографиялық жазудың даму барысында жасалған крит, майя, кипр буын жазулары.

Жапон буын жазуы (жапондық кана) мен лигатуралы- дыбыстық жазу жүйесі (корейлік кунмун).

Дыбыс және әріп

1

Тілдің дыбыстау мүшелері арқылы айтылып, құлақпен естілеті үн дыбыс деп аталады да, оны жазу тілінде белгілейтін шартты белгі әріп деп аталады.

2

Демек, дыбысты айтамыз және естиміз ал әріпті жазамыз және көреміз. Әріп — жазуда дыбысты белгілейтін шартты таңба.

3

Тіл дыбыстары жазуда графикалық таңба-әріптермен таңбаланады.

4

Бірінен кейін бірі рет-ретімен орналасқан әріптердің жиынтығы алфавит деп аталады.

5


Ал графика дегеннен белгілі бір тілдегі фонемаларды және олардың тіркесін белгілеу тәсілдерінің жиынтығы дегенді түсінеміз.

Буын, дыбыстық жазу



Дыбыстық жазулардың ең көне түрлері – финикий, арамей және грек жазулары.

Түркі жазуында дауысты, дауыссыз дыбыстардың әрпі болған, кейбір әріптер екі дауыссыз дыбысты белгілеген.



Дыбыстық жазу (әріп жазуы) – жазудың дамып жетілген түрі, тіл дыбыстарын, фонемаларды әріппен таңбалайтын жазу жүйесі.

Көне түркі жазуы да дыбыстық жазудың ең ежелгі түріне жатады.

Жазу түрлерінің пайда болуы

Әріп жазуының шығуына және дүние жүзіне кең таралуына оның қарапайымдылығы, сөздердің дыбысталуын дәл беретіндігі, әр түрлі тілдерге қолайлығы себеп болды деуімізге болады.

Идеографиялық немесе логографиялық жазудың даму барысында буын, әріп жазуы пайда болды.

Әріп жазуының пайда болуының дүние жүзілік мәдениеттің дамуы үшін маңызы орасан зор болды. Өйткені бұл жазу – жазу жүйелерінің ішіндегі ең ыңғайлысы.


Бұған дейін қолданылып келген идеографиялық таңбалар аффикстерді, әсіресе шетел сөздерін, кісі, қала аттарын таңбалауға икемсіз болды.



Идеограмманың пиктограммадан ең басты айырмашылығы – таңбалардың формасында емес, олардың мағынасында.

Пиктографиялық таңба бүтіндей бір сөйлемді белгілесе, идеографиялық таңба бір сөзді немесе сөздің түбірін не негізін белгілейді.

Даму барысында біртіндеп одан алшақтап, ақырында олар белгіленетін заттың сыртқы формасына дәлме-дәл негізделуден қалып, соған ұқсас шартты таңбалар ретінде қолданыла бастаған.



Пиктографиялық жазудың ерекшеліктері



1

Бұл – жазудың ең алғашқы түрі.

2

Пиктографиялық жазу- суретке негізделген жазу.

3


Пиктографиялық жазудың таңбалары (суреттері) пиктограммалар деп аталады.

4

Әрбір сурет (пиктограмма) өздігінен бүтіндей хабарды білдіре алады.



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері - Алматы: Өлке, 2010. - 240 б.
 2. Күдеринова Қ. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы - Алматы: Елтаным, 2013. - 242 б.
 3. Уәли Н.М. Графика. Орфография. Орфоэпия. - Алматы, 2018. - 250 б.
- 

Назарларыңызға рақмет!